



## Атырау облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 392 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 ақпанда № 3458 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 6 сәуірдегі № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 06.04.2021 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-3 бабы 2-тармағының 4-б) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары С.Ж.Нақпаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Б. Измұхамбетов*

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы " 30" желтоқсандағы № 392 қаулысына қосымша

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы " 30" желтоқсандағы № 392 қаулысымен бекітілген

## Атырау облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидалары

### 1. Жалпы ереже

1. Атырау облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынудың осы қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 2004 жылғы 9 шілдедегі "Электр

энергетикасы туралы", 2012 жылғы 9 қаңтардағы "Газ және газбен жабдықтау туралы" Заңдарына сәйкес әзірленді және коммуналдық көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі түсініктер қолданылады:

1) коммуналдық қызметтер – тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифті қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

2) кондоминиум объектісі – жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің дара (бөлек) меншігіндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардан және оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен;

3) кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) тұтынушы – табиғи монополия және реттелетін нарық субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланушы немесе пайдалануға ниеттенуші жеке немесе заңды тұлға;

5) табиғи монополия субъектісі – табиғи монополия жағдайында тауарлар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және (немесе) тұтынушыларға қызметтер көрсетумен айналысатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

6) энергия беруші ұйым – электр немесе жылу энергиясын беруді шарттар негізінде жүзеге асыратын ұйым;

7) энергиямен жабдықтаушы ұйым – сатып алынған электр және (немесе) жылу энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым.

## **2. Коммуналдық қызметтерді ұсыну тәртібі және шарттары**

3. Коммуналдық қызметтерді көрсету табиғи монополия субъектісі және тұтынушы арасындағы жеке шарт (бұдан әрі – Шарт) негізінде жүзеге асырылады.

Тұтынушылар кондоминиум объектілерін басқару органына (бұдан әрі – басқару органы) немесе басқа жеке немесе заңды тұлғаға шарт жасасу жөніндегі өз құқықтарын заңнамада белгіленген тәртіппен табыстауға жол беріледі.

Шарт белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі (егер тараптардың келісімімен өзге көзделмесе) және Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген негіздер бойынша өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

4. Қызмет көрсетуді беру тұтынушылық сипаты мен режимі нормативтік-техникалық құжаттармен белгіленген талаптарға:

1) жылумен жабдықтау бойынша - тұрғын бөлмелердегі жылыту маусымы бойы ауа температурасын айқындайтын санитарлық нормаларға;

2) электрмен жабдықтау бойынша - жыл бойы тәуліктік қолданыстағы стандарттар бойынша электр энергиясының параметрлеріне;

3) суық және ыстық сумен жабдықтау бойынша жыл бойы тәуліктік берілетін судың құрамы, қасиеті мен ысытылу температурасы жөнінде гигиеналық талаптарға, сондай-ақ тарату нүктесіндегі судың есептелген шығынына;

4) кәріз бойынша - жыл бойы тәуліктік ақаба ағынды суларды толық бұруды қамтамасыз етуге;

5) лифтілермен қызмет көрсету бойынша - жыл бойы тәуліктік немесе шарттың негізінде лифтілерді қауіпсіз пайдалануға;

6) қоқыс шығару бойынша - санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретіндей қоқыстың толықтай шығарылуына сәйкес келуі тиіс.

5. Коммуналдық мақсаттағы негізгі қорлардың қуатын, құрамын және тозуын, климаттық және басқа да жергілікті жағдайларын ескере отырып, қызметтерді ұсыну режимі мен тұтынудың кепілді деңгейі Шартпен белгіленеді.

### **3. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерді пайдалану тәртібі мен шарттары**

6. Жалпы үйлік энергия желілерінің, сондай-ақ есепке алу құралдарын техникалық жағдайда ұстау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету энергиямен жабдықтаушы ұйымның міндеті болып табылады және басқару органымен немесе тұтынушының өкілетті тұлғасымен не тұтынушымен жасалған жекелеген шарт негізінде жүзеге асырылады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйым қызмет көрсетуді өз алдына жеке (тиісті рұқсаты бар болған жағдайда) және (немесе) энергия беруші немесе осындай қызмет түріне лицензиясы (рұқсаты) бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт бойынша жүргізе алады. Мамандандырылған ұйымдарды тарту тендерлік негізде жүргізіледі.

Телімдердегі құбырлардың, электрлік сым өткізгіштердің, электрлік жабдықтардың техникалық жағдайы мен пайдаланылуы үшін, сондай-ақ энергияны пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы үшін жауапкершілік тұтынушыға жүктеледі.

7. Тұтынушыға жеке есепке алу құралдарын өз бетінше немесе энергия беруші ұйымдар арқылы сатып алуға және қондыруға жол беріледі.

8. Есепке алу құралдарын басқыш алаңдарға, дәліздер мен жекеленген пәтерлерге орнатуға болады.

Есепке алу құралдарына өту ашық түрде болуы тиіс.

9. Тұтынушылардың (пәтер иелерінің) басқыш алаңдарда орнатылған есепке алу құралдарын белгісіз біреулер ұрлап немесе сындырып кеткен жағдайда тұтынушы немесе кондоминиум объектісі кіретін басқару органы бір ай мерзімінде, егер де тараптардың келісімінде өзге көзделмесе, қалпына келтіреді.

Есепке алу құралы қалпына келтірілгенге дейін тұтынушы (пәтер иесі) оны энергия желісіне қосуды талап етуіне болады. Мұндай уақытша қосу үшін ақы алынбайды.

10. Тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы желілердің тиісті түрі үшін былайша айқындалады:

- 1) жылу - басқару торабының соңғы ысырмасының бөлу ернемегі бойынша;
- 2) ыстық сумен жабдықтау - ыстық сумен жабдықтау жүйесінің соңғы ысырмасының бөлу ернемегі бойынша;
- 3) суық сумен жабдықтау - басқару торабының соңғы ысырмасының бөлу ернемегі бойынша;
- 4) кәріз - тұтынушы қосылатын жердегі құдық көшедегі кәріз желісінің шекарасы болып табылады, ал ауладағы кәріз шекарасы - ғимараттан желіге қосылатын құдық;
- 5) электр энергиясы - ғимаратқа кіретін қолданым кәбілінің сым ұштамасында.

11. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда, табиғи монополия субъектісі мен тұтынушы қолданыстағы заңнамаға сәйкес залалдың орнын толтыруды талап етуіне болады.

#### **4. Ақы төлеу тәртібі**

12. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеуге жататын қызметтерге ақы төлеу белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

13. Тұтынушы төлемді есептік айдан кейінгі айдың 25 жұлдызынан кешіктірмей немесе тұтынушы мен табиғи монополия субъектісі арасындағы келісім бойынша Шартта ескерілген мерзімде жасайды.

14. Төлем мерзімін өткізіп алған жағдайда тұтынушы Шартпен белгіленген айыпақыны төлейді.

15. Егер тұтынушы пайдаланылған энергияға төлем жасамағаны үшін белгіленген тәртіппен ағытылған болса, онда оны қайта қосу борыш өтелгеннен жүргізіледі. Бірнеше рет (бір реттен аса) ағыту кезінде оны қосу борышты өтегеннен және қосылу үшін төлем жасағаннан кейін жүргізіледі, қызмет көрсетудің осы түрі бойынша тариф белгіленген тәртіппен аумақтық монополияға қарсы органмен келісіледі.

16. Тұтынылған энергия үшін есеп айырысу есеп жүргізу құралдарының көрсеткіші негізінде энергиямен жабдықтау ұйымының жазып берген есебі бойынша жүргізіледі.

17. Есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу мен энергия үшін есептеулерді жазуды энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың өкілдері жүргізеді, олар бару кезінде қызметтік куәліктерін көрсетеді.

Екі есептік кезең ішінде тұтынушының кінәсінен есептеу құралдарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, тұтынушының өзі энергиямен жабдықтаушы ұйымға өзінің жұмсаған энергиясының саны туралы мәлімет бермесе, энергиямен жабдықтаушы ұйым белгіленген тәртіппен оның берілуін тоқтау мүмкін.

18. Тараптардың келісуі бойынша есепке алу құралдарынан көрсеткішті алу мен төлем құжаттарын толтыру кезінде тұтынушыға өзіне өзі қызмет көрсетуіне жол беріледі. Бұл кезде төлем құжатын жазуды және төлеуді тұтынушының өзі жүргізеді. Төлем құжаттарын жазу және төлеу кезінде тұтынушының жіберген қателері талаптардың ескіру мерзімі шегінде олардың анықталу шамасына қарай энергиямен жабдықтаушы ұйыммен есепке алынады.

19. Тұтынушы кінәсі бойынша болмаған есептің уақытша бұзылуы кезінде электр энергиясы үшін есеп айырысу, егер шартта электр энергиясының аз саны көрсетілмесе, алдыңғы есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

Электр энергиясының орташа тәуліктік есепті кезеңі бір айдан аспауы тиіс, бұл кезде есеп айырысу есебі толық көлемде қалпына келтірілуі тиіс.

Егер есеп айырысу есебін көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаса, тұтынушыға жіберілген электр энергиясына есеп айырысу және қалпына келтіру есепке алу мерзімінің тәртібі тұтынушының және энергиямен жабдықтаушы ұйымның келісімімен белгіленеді.

20. Тұтынушының есепке алу құралы схемасының өзгеруі, оның бүлінгені, пломбасының жұлынуы, дискінің жасанды тоқтатылуы және басқа бұзылушылықтар ашылған кезде немесе егер тұтынушы энергияны қымқыру мақсатында жасырын сым өткізгенін немесе есепке алу құралының көрсеткішін бұрмалайтын тетік орнатқанын энергиямен жабдықтаушы ұйымның өкілдері бұрынғы тексерулерінде табуға мүмкін болмаған жағдайда, тұтынушыға энергиямен жабдықтау ұйымы белгіленген тәртіппен соңғы тексеру өткізілген сәттен бастап, алайда энергияны пайдаланғаны үшін талаптың ескіру мерзімінен аспайтын қайта есептеуді жүргізеді.

Қайта есептеу:

1) жарықтандырғыш ток қабылдағыштардың қуаты және олардың пайдалану сағаттарының саны бойынша;

2) тұтынушыда штепсельді розеткалар болған жағдайда (олардың санына қарамастан) - бір розетканың 600 Вт қуаттың тәулігіне 24 сағат пайдалануы есебінен, ал 600 Вт қуаттан артық жылыту құралдары немесе басқа электр

жабдықтары табылған жағдайда - тұтынушының пайдалануындағы жабдықтың оның нақты қуатының тәулігіне 24 сағат пайдалануы есебінен жүргізіледі.

21. Өтініш берілген және растайтын құжатты (емдеу мекемесінен, жұмыс орнынан анықтама, шипажай жолдамасының түбіршегі, уақытша тұрған жері бойынша тіркелуі туралы анықтама, қонақ үйде тұрғаны үшін төлемі туралы түбіршек және тағы басқа) ұсынған кезде пәтерде тұратын адамдардың (біреуінің немесе бірнешеуінің) уақытша кетуі, есепке алу құралдары жоқ жағдайда бір адамға есептелінген қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу олардың болмаған уақытына жүргізілмейді.

Төлемді қайта есептеуге әкеліп соққан барлық өзгерістер тұтынушының энергиямен жабдықтаушы ұйымға өтініш берген сәтінен бастап жүзеге асырылады.

22. Есепке алу құралдары уақытша болмаған жағдайда, бір адамға есептелінетін қызмет көрсетулер үшін төлемдер тұрушылардың нақты саны бойынша алынады.

23. Пәтер иелерінің кооперативтері энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен жалпы үйлері мұқтаждарына жұмсалатын энергия үшін белгіленген тәртіппен пайдалану жауапкершілігі шегінде орнатылған есепке алу құралдары арқылы бекітілген тариф бойынша есеп айырысады.

24. Есепке алу құралдарын тараптардың пайдалану жауапкершілігінің бөліну шекарасынан тыс жерде орнатылуы кезінде, бөліну шекарасынан бастап есепке алу құралдарын орнату орындарына дейін желі учаскесіндегі шығындар көрсетілген желі учаскесі балансында тұрған иесіне шарт негізінде жатқызылады.

25. Лифтіні пайдаланғаны үшін төлем 1-ші және 2-ші қабаттағы тұрғындардан басқаларының бәрінен алынады.

26. Жылумен жабдықтау үшін төлем табиғи монополия субъектісінің тұтынушымен келісімі бойынша жыл ішінде бірқалыпты не осы қызмет түрін ұсыну кезеңінде жүргізіледі және Шартпен анықталады.

## **5. Қорытынды ережелер**

27. Осы Қағидамен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.